

Әулікөл ауданы әкімінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 234 "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысының күшін жою туралы

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 5 мамырдағы № 65 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Әулікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әулікөл ауданы әкімінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 234 "Қауымдық сервитут беру туралы" қаулысының күші жойылсын.

2. "Әулікөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жолдауды;

2) осы қаулыны Әулікөл ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыру.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әулікөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов